

✓ формировать группы как мини-группы: по три-четыре ученика (большие группы создают условия для того, чтобы некоторые ученики в лучшем случае не мешали, в худшем сами не работали и мешали другим);

✓ продуктивность работы группы оценивать через критерии того вида деятельности, который был предложен для работы в группе (продуманные и совместно сформулированные критерии и ступени достижения являются стимулирующей основой для продуктивной работы всех членов группы);

Конечно, не ошибается только тот, кто ничего не делает. Коллектив в целом, исследовательская группа и каждый педагог, определяя, что получилось и над чем необходимо еще работать, выявили достаточно много недочетов и проблем. Не останавливаясь на частном, выделили общее: для дальнейшего прогресса необходимо все-таки объединиться учителям ни одной образовательной или смежной области, а учителям, работающим в одном классе или параллели. Что обеспечит преемственность подходов на уроках всех учителей школы.

И положительные результаты будут, потому что тема исследования по итогам общешкольного анкетирования педагогов легла в основу общешкольной методической темы «Критериальное оценивание – ключевой подход в формировании навыков обучения и преподавания» на ближайшие три учебных года. Это также результат того, что школьному педагогическому сообществу сертифицированных учителей удалось своим примером заинтересовать коллектив в 86 человек.

Список литературы:

1. «Исследование в действии ActionResearch»
2. «Руководство для учителей по реализации подхода LessonStudy (исследование урока)».

Жапарова Гульнар Аманжоловна
учитель НИШ ФМН
г.Костанай

АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ НЫШАНЫ РЕТІНДЕ

АННОТАЦИЯ

Мақалада Назарбаев Зияткерлік мектептерінде қолданылатын оқушылардың өзбетімен білім алу, өзін-өзі бағалау және сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыратын деңгейлік модульдік бағдарлама идеяларын көрсетеді. Мұғалім бағыт-бағдар беретін, ал оқушы жоспарлайтын, орындайтын және өздік білім ала отырып, өзін бағалай алатын оқу процесі сипатталады.

Мақалада «Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану» модулін пайдалану тиімділігі талданады. Сонымен қатар, дәстүрлі және критериалды бағалау кездеріндегі іс-әрекеттегі зерттеу кезеңдерінің нәтижелері көрсетіледі.

Түйінді сөздер: *ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, өзін-өзі бағалау, критериалды бағалау, іс-әрекеттегі зерттеу, оқу процесі.*

АННОТАЦИЯ

Данная статья отражает идеи уровневых модульных программ, применяемых в Назарбаев Интеллектуальных школах, которые способствуют развитию навыков критического мышления, саморазвития и самооценки. Описывается процесс обучения, в котором учитель направляет, консультирует и контролирует, а учащиеся самостоятельно планируют, выполняют и оценивают.

В статье проанализирована эффективность применения модуля «Использование информационно-коммуникационных технологий в преподавании и обучении», также показаны результаты исследования в действии при традиционном оценивании, в рамках критериального оценивания.

Ключевые слова: информационно-коммуникационные технологии, самооценивание, критериальное оценивание, исследование в действии, процесс обучения.

ABSTRACT

The following article shows the ideas of level modular programs used in the Nazarbayev Intellectual schools that develop critical thinking skills, self-development and self-evaluation. The article shows the learning process that is directed by teacher, the teacher also advises and monitors, and students independently plan, perform and self-assess.

Moreover, the article analyzes the effectiveness of the module "Information and communication technologies in teaching and learning," demonstrating the results of actionresearch in traditional assessment, in the framework of criteria-based assessment.

Keywords: ICT, self-assessment, criteria-based assessment, Action Research, action learning.

Қазіргі әлем шапшаң өзгеру үстінде. Әлеммен бірге еліміздің қандай саласын алсақ та көптеген өзгерістерге ұшырап отырғанын көрудеміз. Тәуелсіз еліміздің экономикасы мен индустриясының дамуына баршамыз куәгер болып жүрміз. Қоғамда болып жатқан өзгерістер сол қоғамның әлеуметтік тапсырысын орындап отырған білім саласына да жылдан жылға, күннен күнге талаптарын күшейтуде. Осы орайда білім саласында талай өзгерістер мен жаңалықтар баршылық. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев 2015 жылдың 30 қарашасындағы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» Жолдауында Қазақстан жастарына арналған сөздерінде «Білімді, еңбекқор, бастамашыл, белсенді болуға қазірден бастап дағдыланындар» деген болатын. Елбасымыз «Өскелең ұрпақ – еліміздің тірегі» деп, жастарға үміт артатыны сөзсіз. Сондықтан, қазіргі білім саласының алдында тұрған мақсат - бәсекеге қабілетті, білімді, саналыұрпақ тәрбиелеу. Ал осы мақсатты іске асыруда басты рөлді мұғалімнің атқаратындығы туралы тұжырымға ешкім қарсы шыға қоймас. Білім беру саласында жүргізілген әлемдік зерттеулердің нәтижелері тиісті кәсіптік қасиеттерге ие, оқыту мен оқу үдерістерінің қажетті дағдылары мен терең түсініктерін игерген мұғалімдер жастардың білімін сапалық тұрғыдан өзгерте алатынын көрсетіп отыр [1, 4-бет].

Жаңа әлемдегі жаңаша ойлайтын оқушыға сапалы білім беру үшін еліміздің білім беру саласы мұғалімдердің біліктіліктерін жетілдіруді мақсат етті. Осыған байланысты үздік әлемдік тәжірибе негізінде «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ мен Кембридж университетінің Халықаралық Емтихан Кеңесі арасындағы келісім аясында Кембридж (Великобритания) университетінің білім факультетімен бірлесіп жасалған қазақстандық педагогтардың білімін жетілдірудің жаңа форматтағы курстары ұйымдастырылып отыр. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес еліміздің педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы бойынша ұстаздарымыз білімдерін жетілдіру үстінде. Осы бағдарламаға аясында жаңашылдық түрінде енгізіліп отырған мектеп тәжірибесінде табысты қолдануға ықпал ететін әдістемелік сипаттағы бірқатар жалпы ұсыныстар бар:

- оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер;
- сыни тұрғыдан ойлауға үйрету;
- оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау;
- оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану;
- талантты және дарынды балаларды;
- оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу;
- оқытудағы басқару және көшбасшылық.

Бағдарлама міндеттерінің бірі жеті модуль мәнмәтінінде мұғалім санасына теориялық негіздердің түсінігін қалыптастыру, осы идеяның тиімділігі мен қажеттілігін көрсету. Осы жолда республикамыздың жүздеген, тіпті мыңдаған ұстаздары білімдерін толықтырып, бағдарлама идеяларын тәжірибеге енгізіп, жеті модульдіңмазмұнын сабақтарына ықпалдастыруда.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің білім беру саясаты осы жаңаша әдіс-тәсілдер мен оқыту формаларына негізделіп отыр. Оқушылардың бойында өзінің білім алу үдерісіне

жауапкершілігін арттырып, рефлексивті ойлай алатын, санасында өзіне және өзгеге сыни көзбен қарау дағдылары қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу мұғалімнің алдындағы міндет болып отыр.

Біліктілік арттыру курстарының екінші және үшінші деңгейінің түлегі ретінде өз тәжірибеме жеті модульдің мазмұнын кіріктірудемін. Өзімнің педагогикалық қажеттіліктерімді ескере отырып, өзімнің қолданысыма тиімді модульдердің бірі ретінде «Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану» модулін ерекшелеп отырмын. АКТ-дың дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін де уақытылы өзгертіп отырды талап етеді. Осыған байланысты оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар жаңартылып отырады [2, 110-бет]. Қазіргі заман техника мен жаңа форматтағы электронды құралдардың дамуының заманы, сондықтан ешбір ұстаз бүгінгі таңда өз сабағын АКТ-сыз елестете алмайтын шығар деп ойлаймын. Осы орайда, көкейімді жарып бара жатқан сұрақтардың жауаптарын алу үшін, АКТ-дың оқу процесі үшін қаншалықты тиімді екенін білу үшін 2-кезеңнен тұратын іс-әрекеттегі зерттеу жұмысын жүргіздім.


Зерттеу жұмысымның бірінші кезеңінің (дәстүрлі бағалау кезінде) тақырыбы ««Физика сабақтарында электронды құралдар: электронды тестілеу, зертханалық жұмыс моделі мен Power Point бағдарламаларын пайдалана отырып, оқушылардың өз-өздерін бағалау қабілеттерін қалыптастыру». Зерттеу барысында балалардың бойында өзара және өзін-өзі бағалаудың алғышарттарын жетілдіру үшін пайдаланылған әдіс-тәсілдер арқылы зерттеу жүргізілген сынып оқушыларының бойында қажетті қабілеттерді жүз пайыз дамыттым деп айта алмасам да, енді оқушылар бір-бірінің және өзгенің жұмысына сыни көзқараспен қарай алады деп, шешім қабылдар алдында аналитикалық ойлай алады деп айта аламын. Сондықтан бірнеше ай уақыт аралығында жүргізген зерттеу менің тәжірибеме жаналық енгізіп, менің өз тәжірибе өзгеріс енгізуге септігін тигізді деп айта аламын. Болашақта өзіме қойып отырған мақсат, оқушылардың іс-әрекетіне көңіл бөліп, олардың оқу процесіндегі қандай болмасын мәселелерді анықтап, сол мәселені шешу жолында еңбек ету. Оқушылар үшін пәнім түсінікті, меңгерілетін материал жетімді болған кезде, оқушылар оқу процесіне қатыса отырып, өзінің оқуына деген жауапкершілікті сезінгенде оң нәтиже алынары сөзсіз. Осы айтылғандардың барлығына жету үшін қазір және болашақта өзіме жақын, әрі тиімді модульдердің элементтерін пайдаланып жұмыс жасаймын. Сонымен, оқушылардың бойында өз-өздерін бағалау нышандары пайда болғанына көз жеткізгеннен кейін іс-әрекеттегі зерттеудің екінші кезеңін жоспарладым.

Бір қарағанда өзін-өзі бағалау оңай үдеріс сияқты. Өзін-өзі бағалаудағы формативті бағалау үшін тапсырмаларды орындау қолдануға жеңіл болып келетін сияқты. [3,137-бет]. Бірақ, іс жүзінде асыра бағалауға, өздерінің жұмыстарының кемшіліктерін көрмей, қате тұжырымда болатын оқушылар да тәжірибеде кездеседі. Әрине, дәстүрлі бағалау кезіндегіге қарағанда критериалды бағалау кезіндегі өз-өзін бағалау әлдеқайда жеңілірек. Осыған көз жеткізу мақсатында жоспар құрастырып, зерттеудің моделін жасадым.



1-сурет. Физика сабақтарына оқушылардың өз бетімен білім алуының моделі

Зерттеу жұмысының екінші кезеңінің моделі 1-суретте көрсетіліп отыр. Соған байланысты зерттеу тақырыбы келесідей тұжырымдалған болатын «Критериалды бағалау аясында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың өзін-өзі бағалау тиімділігін арттыру». Зерттеудің мақсаты: ақпараттық технология құралдары арқылы оқушылардың өз-өзін бағалау дағдыларының қалыптасу үдерісін зерттеу. Біріншіден, толық ақпарат жинақтау мақсатында зерттеу жүргізіліп отырған сынып оқушыларынан кіріс сауалнамасы алынып, зерттеу соңында алынған сауалнама нәтижелерімен салыстырылған болатын. Сауалнама нәтижелері төмендегі диаграммада көрсетіліп отыр.



1-диаграмма. Оқушылармен өткізілген кіріс және шығыс сауалнамаларының нәтижелері, пайыздық есеппен (сауалнамаға 10 оқушы қатысты)

Диаграммадан оқушылардың өздерінің мүмкіндіктеріне берген бағалары шығыс сауалнамасының нәтижесі бойынша өсіп отырғанын байқауға болады. Зерттеу барысында оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауына септігін тигізетін тапсырмалар беріліп отырды, сабақ барысында электронды тестілеу мүмкіндіктері пайдаланылып, бейнематериалдар, физикалық құбылыстарды түсіндіретін анимациялар және т.б. құралдар пайдаланылған болатын. Үй тапсырмалары электронды түрде оқушылардың электронды мекен-жайларына немесе ИМКО журналы арқылы беріліп отырды. Сонымен қатар, оқушылардың өтіп кеткен тапсырмаларды қайталау немесе қажетті ақпаратты алып, өз бетімен дайындалуына жағдай жасалды: локальді дискте арнайы тапсырмалар қоры жасалынды, мұғалімнің Google дисктегі кейбір мәліметтеріне сілтеме арқылы кіре алу мүмкіндігіне ие болды. Зерттеу соңында оқушылардың білім сапасында да ілгерілеу бар екендігіне көз жеткізілді. Сонымен, физика сабағында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану келесідей оңтайлы жақтарын көрсетті:

- өз бетімен білім алуына оқушылардың жауапкершілігінің артуы;
- өздігінен білімін жетілдіруге мүмкіндіктің тууы;
- оқушылар өздерін объективті бағалау қажеттігін түсінуі;
- АКТ мүмкіндіктерін толық пайдалану дағдыларының қалыптасуы;
- критериалды бағалау оқушылардың өз-өзін бағалауына оң әсерін тигізетіні.

Жоғарыда зерттеуде пайдаланылған әдіс-тәсілдердің барлығы ақпараттық-коммуникациялық технология модулін пайдалану барысында жүзеге асатынын көре отырып, бұл технология қазіргі таңда заман қажеттілігі деп батыл айта аламыз. Заманауи білім беру аясында жетік дамыған педагогикалық технологиялар, дәлірек айтқанда АКТ-ны сабақ үрдісінде пайдалану өз нәтижесін бермек. Бұл орайда, мұғалім тек қана интерактивті тақта

және компьютермен жұмыс жасаумен шектеліп қана қалмай, түрлі әдіс-тәсілдерді электронды түрде құрастыра білсе, оқушылардың технологиялық білімдерін дамыта оқытса, нәтиженің жоғары шыңына жетпек. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану арқылы шәкірттердің пәнге деген қызығушылығын арттыру, ойларын толық жеткізе алатын, өзінің қажеттілігі мен құндылығын сезе алатын және соны пайдалана білетін, өзінің білім алуына жауапкершілікпен қарап, өз оқуын бағалай алатын тұлға қалыптастыру қазіргі заман мұғалімінің басты парызы. Егер құзырлы мұғалім заман талабына сай білім беру аясында өзінің құзыреттілігін жоғары деңгейге жеткізе білсе, бағдарлама мақсаттары мен міндеттерін толықтай орындай алса, мұғалімнің жоғарыда айтылған басты парызы орындалады деп сеніммен айта аламыз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (негізгі) деңгей. Үшінші басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.

2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші (негізгі) деңгей. 3-басылым-Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының баспасы, 2014.

3. // Педагогикалық диалог. Ақпараттық-әдістемелік журнал. №2(8), 2014.

Зотова Светлана Геннадьевна

учитель начальных классов,

п. Карабалык

ПРИМЕНЕНИЕ ИДЕЙ СЕМИ МОДУЛЕЙ НА УРОКАХ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ

АННОТАЦИЯ

Бүгін бұрын-соңды болмағандай білімге және қоғамның жаңа буын білім дарлыққа қызығушылық арта түседі. Білімі жылғы педагогтардың білім мен бүгін үлкен үлкен қайтарым талап етеді. Мұғалім, оқу процесін жетілдіру үшін ең тиімді жолдары, қазір мектеп пен табатын үшін жауапты құзыретті тәуелсіз болуы аса оқушы ойлау қоймай, цифрлық технологияларды.

Білім беру мазмұнын байыту білудермен жеті модульдерін енгізу арқылы өтеді және тәсілдер мен зияткерлік шығармашылық қызмет бағдарламасы. Осындай нәтижелі білдіруге мүмкіндік берді деп ойлауалатын нысандары мен әдістеріңіздеу болуға тиіс деп үнемі оқушыларды, педагог алмай, оларды.

Мұғалім сабақ көшу жақсы, өйткені мұндай сабақ оқып-үйренушілердің табыстын әтижеге қарай жүргізеді.

Кілтсөздер: тиімді жолдары, құзыретті технологиялар, нысандары, әдістері, нәтиже

АННОТАЦИЯ

Сегодня как никогда возрастает интерес общества к образованию и образованности нового поколения. Образование требует сегодня от педагогов больших знаний и огромной отдачи. Сейчас школа и учитель находят самые эффективные пути, чтобы усовершенствовать процесс обучения, для того, чтобы ученик умел критически мыслить, быть независимым, ответственным, компетентных цифровых технологий.

Обогащение содержания образования интеллектуальными умениями и способами творческой деятельности проходит через внедрение семи модулей программы. Обучая учеников, педагог постоянно должен находиться в поиске таких форм и методов, которые бы позволяли продуктивно мыслить, без боязни выразить их.

Уроки должны быть спланированы учителем хорошо, потому, что такие уроки ведут к успешному результату обучаемых.

Ключевые слова: эффективные пути, компетентные технологии, формы, методы, результат.